



**АТЫРАУ  
UNIVERSITY**

Газет 2000 жылдың  
сәуір айынан шығады

# Университет

Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БАСЫЛЫМЫ  
ИЗДАНИЕ АТЫРАУСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМ. Х.ДОСМУХАМЕДОВА

№5 (129)  
Мамыр, 2023 жыл



7 мамыр – Қазақстан Республикасының Отан қорғаушылар күні

9 мамыр – Жеңіс күні

## АЙБЫНДЫ ЖАСТАР - ЕЛ ҚОРҒАНЫ

Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Әскери кафедрасы студенттер арасында запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери дайындық жүргізеді. Мұнда студенттер негізгі мамандығымен қатар, екінші (әскери) диплом иеленіп, Қазақстан Республикасының қарулы күштері құрамында да қызмет етуге мүмкіндік алады.

Әскери кафедра Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 10 маусымдағы N344 қаулысы негізінде құрылды. Қазіргі уақытта әскери кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамда 6 запастағы офицерлер қызмет етеді. Оның ішінде әскери кафедра бастығы – «запастағы әділет подполковнигі», аға оқытушы лауазымдарында екі запастағы «полковник», екі запастағы «майор», запастағы «капитан» және оқытушы лауазымында запастағы «аға лейтенант» бар.

Әскери кафедраға оқуға студенттер байқау негізінде қабылданады. Медициналық байқаудан толық өткеннен кейін студенттер

кәсіби-психологиялық іріктеуден өтеді, дене шынықтырудан барлық нормативтерді тапсырады. Ал байқау комиссиясы ең соңғы шешімді студенттің университетінде оқып шыққан мерзіміндегі орташа GPA баллы негізінде қабылдайды.

Әскери кафедра өз тарихында 428 запастағы офицерлерді және 46 запастағы сержанттарды даярлап шығарды.

Қазіргі таңда Әскери кафедрада запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша «Жалпыәскери бөлімшелерді, бөлімдер мен құрамаларды жауынгерлік қолдану», «Әскерлер қызметін ұйымдастыру және қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету бөлімшелерін қолдану» және «Аумақтық қорғанысты жоспарлау және ұйымдастыру» әскери-есептік мамандықтарында 181 студент, запастағы сержанттар бағдарламасы бойынша «Бөлімше, есептоп, танк, жауынгерлік машина, қондырғы командирі - атқыштық» әскери-есептік мамандығында 70 студент білім алуда.

## АРДАГЕРЛЕР-АЛЫП ҚЫРАНДАР

Ардагерлерім, ержүрек ерлер,  
Елім деп жаны елжірегендер.  
Бейбіт күн сыйлап ұрпақтары үшін  
Жалау боп көкте желбірегендер.  
Арай боп алдан күліп келгендер,  
Ортасында оттың жүріп келгендер.  
Құлазып көңіл қалғанда солып  
Қайратпен оған үміт бергендер.  
Күн болып көктен нұрын төккендер,  
Далаға көктем гүлін сепкендер.  
Бүлдіршіндерім тыныш ұйықта деп  
Ашық аспанның түнін күткендер.  
Мәңгілік от боп жанып тұрғандар,  
Қараңғылықты жарық қылғандар.  
Тілерім менің аман жүріңдер  
Шыңдарда жүрген алып қырандар.

Фархат МУСАҰЛЫ

**ЖАС МАМАН-2023**  
**БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАР**  
**ЖӘРМЕҢКЕСІ**

ӨТЕТІН МЕРЗІМІ:  
12 мамыр 2023 ж.  
сағат 15:00

ӨТЕТІН ОРНЫ:  
"Жайық"  
спорттық мәдени кешені

Мансап және тәжірибе офисі

atyrauuniversity\_official | Атырау университеті | Atyrau\_university | www.asu.edu.kz

**Prizren University**

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ЖАЗҒЫ  
МЕКТЕБІНЕ  
ІРІКТЕУ  
БАСТАЛДЫ!

КЕРЕК  
ҚҰЖАТТАР:

- Паспорт (көшірмесі)
- Оқу туралы анықтама
- Мотивациялық хат
- Ағылшын деңгейі B2 сертификат

ҚҰЖАТТАР 20-МАМЫРҒА ДЕЙІН  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БӨЛІМДЕ  
ҚАБЫЛДАНАДЫ

ТОЛЫҚ А  
INTERNATIONAL\_OFFICE@ASU  
БАС ФИМАПАТ 2 ҚАТАР



## ЖОҒАРҒЫ БІЛІМ КӨРМЕСІ ӨТТІ

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде ҚР Ғылым және жоғары білім вице-министрі Қуаныш Ерғалиев «Атырау-Маңғыстау» мақсатты гранты бойынша университет ректорларымен кездесті. Кездесу барысында аталған министрлік пен Атырау облыстық әкімдігі арасында еліміздің батыс өңіріне бөлінген мақсатты гранттарды игеру жұмыстарын жүйелі ұйымдастыру және аймақ үшін өзекті тұрған педагогикалық мамандарды даярлау бойынша Меморандумға қол қойылды. Жоғары оқу орындары, орта білім беру ұйымдары, басқа да білім саласындағы ұйымдар бас қосқан шарада жоғары оқу орындарына қабылдау ережелері, ҰБТ тапсыру, басқа да жайлар бойынша талқылаулар өтіп, озық тәжірибелер ортаға салынды.

Сондай-ақ, университет базасында ЖОҒАРҒЫ БІЛІМ КӨРМЕСІ өтіп, Атырау



түлектердің педагогика мамандығына қызығушылығы артып келеді.

Мысалы, 2022 жылы 80 мыңға жуық талапкер құжат тапсырса, соның әрбір төртінші талапкері педагогикалық мамандықты қалаған.



және Маңғыстау облыстарына бөлінген нысаналы білім беру гранттары туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылды. Көрмеде еліміздің қырыққа тарта жоғары оқу орны мектеп бітіруші талапкерлер мен ата-аналарға өздерінің білім бағдарламаларын ұсынды.

– Келесі жылдан бастап ұлттық бірыңғай тестілеу жаңа форматқа көшіріледі. Сонымен қатар жаңа сипатта сұрақтар даярлайтын мамандарды оқыту жоспарлануда. Қазіргі кезде сұрақтар формалды. Адамды ойлауға және оның ойлау қабілетін тексеруге емес, жаттауға бағытталған. Сондықтан бұл орайда біраз жеңілдіктер болмақ, – деді ҚР Ғылым және жоғары білім вице-министрі Қуаныш Ерғалиев.

Соңғы өзгеріске сәйкес, биылғы Ұлттық бірыңғай тестілеуді талапкерлер екі рет тапсыра алады. Пәндердің комбинациясын ауыстыруға шектеу қойылғанмен, мұның өзі түлектер үшін үлкен мүмкіндік. Ұлттық тестілеу орталығының директоры Руслан Емелбаевтан білгеніміз, соңғы жылдары



## ДӘСТҮРЛІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШӘКІРТАҚЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ



Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің бір топ студенті Әзірбайжанның ұлт көшбасшысы, мемлекет қайраткері Гейдар Алиев атындағы халықаралық шәкіртақыға ие болды.

Атырау университетінде 2012 жылдан бастап Қазақстан мен Әзірбайжан елдерінің арасындағы байланысты нығайту мақсатында Әзірбайжанның тарихи мен мәдениетін зерттеу орталығы жұмыс істеуде. Сол уақыттан бері Гейдар Алиев атындағы степендік дәстүрлі түрде оқу орынының үздік студенттеріне тағайындалып келеді.

Әзірбайжан Республикасының Тұңғыш Президенті Гейдар Алиевтің туған күнінің қарсаңында тағайындалатын шәкіртақыны Әзірбайжан Республикасы

Бас консулдығының басшысы – Эльчин Мамедов Башир оглы және мәдениет және білім жөніндегі кеңесші Илкин Оруджов Юсиф оглы арнайы келіп оқудағы және қоғамдық жұмыстағы белсенділігімен көзге түскен 5 студентке табыстады. Биылғы Гейдар Алиев атындағы степендік физика, математика және ақпараттық технологиялар факультетінің студенті Жансезім Қуандықова, көптілді білім беру факультетінен Ерлан Баймұханов, Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультетінен Георгий Шапошников және Жаратылыстану және ауылшаруашылық факультетінен Әсел Аюпова мен инновациялық білім беру факультетінің студенті Санжар Темірболатов иеленді.



## АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ АЯСЫНДАҒЫ ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ

2023 жылдың 17-29 сәуір аралығында ЖОО оқытушыларының ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында экономика және құқық факультетіне академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінен келген профессор-зерттеуші, заң ғылымдарының кандидаты Гүлжазира Ильясова екі апталық жоспарға сәйкес профессор-оқытушыларға «Заң саласы бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу әдістемелері» атты семинарын және «Құқықтық пәндерді оқытуда заманауи инновациялық білім беру әдістемелерін

қолдану» тақырыбы бойынша 72 академиялық сағат көлемінде біліктілікті арттыру курсы өткізіп, қатысушыларға арнайы сертификаттарды табыс етті.

Сондай-ақ, ғалым-зерттеуші «Құқықтану», «Құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламалары бойынша 3 курс білім алушыларына «Азаматтық құқық (Ерекше бөлім)» және «Жер құқығы» пәндері бойынша дәріс оқыды. Алдағы уақытта қос университет арасында өзара ынтымақтастық пен байланысты нығайту мақсатында ортақ жобалар жасалып, мақалалар жарияланбақ.

### ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Атырау университетінде мамыр айы мерейтойлар айы болмақ. Биыл ұстаздардың ұстазы атанған физика-математика факультеті ақпараттық жүйелер және есептеу техникасы кафедрасының доценті, Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің Құрметті қызметкері Асылбек Хамметұлы Хамметов 80 жасқа, физика, математика және ақпараттық технологиялар факультеті математика және математиканы оқыту әдістемесі кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а. Аққабыл Құсайынұлы Абилов 70 жасқа, Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Жеңісбек Жұпболұлы Мұстафин 75 жасқа толып отыр.

Білім және ғылым саласында ұзақ жылдар жемісті еңбек етіп, оқу орнының өркендеп, алдыңғы қатардан көрінуіне елеулі үлес қосқан, жүздеген шәкірт, білікті маман тәрбиелеген ұлағатты ұстаз, ардақты ел азаматтарына денсаулық, бақыт тілеп, абырой-бедел биігінде жүріп жетістіктерге жете беруін тілейміз!

Университет ұжымы



# ГУРЬЕВ МҰҒАЛІМДЕР ИНСТИТУТЫ - ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДА



1941 жылғы мамыр айы. Жұмысшылар мұнай құбыры үшін траншея қазып жатыр. Фото Лев Гузиковтың жеке архивінен.

Соғыс басталған алғашқы айларда 1941 жылдың 12 шілде күнгі «Социалистік құрылыс» газетінің бетінде «Гурьев мемлекеттік оқытушылар институты 1941–42 оқу жылына қарай тарих, тіл және әдебиет (орыс, қазақ бөлімдерінің) факультеттерінің бірінші курсына оқушылар қабылдайды», «Гурьевтегі мемлекеттік оқытушылар институты 1941–1942 оқу жылына студенттер қабылдауды жариялайды» тақырыбында жарнамалар берген.

12 шілдедегі газет санындағы жарнамада «Институт орталау мектептер үшін мұғалімдер даярлайды. Оқытушылар институтында орта мектептің 9 класынан кем емес білімі бар, 17 жас пен 40 жастың арасындағы ССРО-ның барлық еркек және әйел азаматтары алынады. Институтқа түсемін деушілер орыс тілі, әдебиет, география және ССРО тарихы пәндерінен емтихан тапсырады. Қазақ тілі мен әдебиет бөлімдеріне кіремдеушілер қосымша қазақ тілінен емтихан тапсырады. Орта мектептерді отлучно бітіріп шыққандар институтқа емтихансыз алынады. Арыздар 31 июльге дейін қабылданады. Барлық институтқа түсушілер 1 августыдан 20 августқа дейін сынақтан өтеді. Институтқа алынғандар оқу құралдары мен қамтамасыз етіледі. Жатаққана керек ететіндерге әдейі белгіленген төлем бойынша жатаққана беріледі. Отлучниктерге стипендия беріледі. Институттың адресі: Гурьев қаласы, Москва көшесі N үй. Дирекция» деп жазылған.

Алайда, тұтқиылдан басталған Ұлы Отан соғысы бейбіт өмірдің шырқын бұзып жіберді. Барлық ел экономикасы соғыс жағдайына көшіріліп, бейімделді. Одан оқытушылар институты да тысқары қала алмады.

Соғыс өртінің тұтануына байланысты институт студенттері Орал педагогикалық институтына ауыстырылып, кейбірі әскер қатарына шақырылды. Оның айқын дәлелі, 1997 жылғы 23 қазан күнгі жарық көрген «Атырау» газетінің санында атыраулықтарға белгілі, Ұлттық Қауіпсіздік қызметінің генералы Бисен Саппаев туралы жарияланған мақалада: «... Оқуға деген ынталығы мектепте байқалған Бисен оны бітірісімен Гурьев оқытушылар институтының тарих факультетіне түсіп, бірінші курсты жоғары бағалармен бітіреді. Сол тұста Герман фашистерінің КСРО-ға шабуылы басталды да, Бисен оқуын жалғастыра алмай, 1941 жылғы шілде айында Қызыл Армияға шақырылды», – деп жазылған. Осындай мәлімет 2020 жылғы 13 наурыз күнгі «Прикаспийская коммуна» газетінде де жарияланды.

Студент Нығмет Мырзағалиұлы Қаржауов тарих факультетінде оқыған. Армия қатарына шақырылып, 1943 жылы жау әскер училищесін лейтенант шенімен бітірген. 1943–1944 жылдары 4 гвардиялық атқыштар дивизиясының, 3 атқыштар полкінің құрамында атқыштар взводының, танкке қарсы ротаның командирі болды. Майдан даласында ауыр жараланған гвардия лейтенанты, кейін 1944–1945 жылдары Велкие Луки қалалық әскери комиссариатының нұсқаушысы болды. Соғыстан кейінгі жылдары Сарайшық орта мектебінде мұғалім, 1946–1948 жылдары Бақсай аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, 1948–1950 жылдары Таңдай орталау мектебінде оқу ісінің меңгерушісі қызметін атқарды. 1952 жылы майдан даласынан алған ауыр жаракатының асқынуынан қайтыс болды.


Бізге архив деректері бойынша белгілі болғаны, институтта оқыған тағы бір студент Ғайпен Бейсов 1921 жылы Атырау (бұрынғы Гурьев) облысы, Махамбет (бұрынғы Бақсай) ауданына қарасты Талқайраң ауылында дүниеге келген. 1941 жылы Қызыл Армия қатарына алынып, 15 қыркүйекте Украинадағы Лоховица қаласының маңындағы ұрыста ауыр жараланып, неміс фашистерінің қолына түсіп, бірнеше айлар бойы лагерь азабын бастан кешіп, Түркістан Ұлттық комитетіне жұмысқа алынады. Соғыс жылдарында Вермахтының Жоғарғы Бас командованиясінің Түркістан насихат бөлімінің әскери фототілшісі болып қызмет атқарып, шығармашылықпен айналысқан. 1945 жылы легионерлердің қашуын ұйымдастырды деген сезікпен Ғ.Бейсов, Х.Абдуллин, Закиров, Е.Қалдыбаев тұтқындалып, ату жазасына кесілген. Бұл кезеңде Кеңестер армиясының қарқынды шабуылынан қаймыққан неміс-фашистері шапшаң шегінуде болатын. Тағдыр талайына қарай, үкім орындаған түнінде түрме күзетшілері қашып кетіп, бұлар аман қалады. Неміс түрмесінен босаған соң Қызыл Армия қатарына қабылданып, 1946 жылы әскер қатарынан босап елге оралған Ғ. Бейсов 1946 жылы РКФСР Қылмыс заңының 58–16 бабына сәйкес «халық жауы» ретінде 10 жыл бас бостандығынан айырылып, атышулы Сібір, Степлаг, Карлагтың тозақ өмірін бастан кешіп, 1956 жылы босайды. Одан кейінгі жылдары Атырау, Маңғыстау облыстарының кәсіпорындарында инженер қызметін атқарып, зейнеткерлікке шыққан. Тек 60 жылдан кейін Қазақстан Республикасының Бас Әскери Прокуратурасының 12/3–06(Р) 2006 жылдың 24 сәуірдегі қорытындысымен ақталып, саяси қуғын-сүргін құрбаны мәртебесін алған. 2007 жылдың 8 мамыр күні бақиға озды.

Ал 1940 жылы құрылған Гурьев мемлекеттік мұғалімдер институтының тұңғыш директоры болған Әбді Бошанұлы Тұрсынбаев соғыстың қызып тұрған шағы 1942 жылдың қараша айында Қызыл Армия қатарына шақырылып, Түркіменстанның Керки қаласындағы әскери жау әскер училищесінің курсанты, офицерлер батальонының резервінде есепте тұрды. 1943 жылы Қызыл Армия қатарында жүргенде ВКП (б) мүшелігіне кандидатқа қабылданған, ал 1945 жылдың сәуірінде партия қатарына қабылданады. 1944 жылдың сәуір айында денсаулығына байланысты армия қатарынан босатылды.

Архив құжаттары бойынша жаңа 1941–1942 оқу жылында Гурьев мұғалімдер институтына 120 студент қабылдау жоспарланған. Жоспарды Қазақ КСР Халық Ағарту Комиссары М.Әбдіхалықов бекіткен.

Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архив қорындағы соғыс басталған жылы, яғни, 1941–42 оқу жылына студенттер қабылдау туралы мәліметке назар аударсақ:

1 кесте  
Соғыстың өршуіне байланысты оқытушылар мен студенттерді армия қатарына шақыруына орай Гурьев мұғалімдер институтының



Оқу орындары	Студенттер қабылдау жоспары	Түскен арыздар	Қаншасы мектепті үздік бітірген	Емтиханға жіберілгені	Қай мерзімге дейін
Ақтөбе мұғалімдер институты	255	94	5	55	5/VIII
Қостанай мұғалімдер институты	180	99	3	62	5/VIII
Петропавлск мұғалімдер институты	150	110	6	91	9/VIII
Шымкент мұғалімдер институты	150	186	-	93	30/VII
Қарағанды мұғалімдер институты	180	132	9	112	30/VII
Орал мұғалімдер институты	300	93	-	93	5/VIII
Семей мұғалімдер институты	210	130	15	114	6/VIII
Гурьев мұғалімдер институты	120	44	2	25	1/VIII
Алматы шет тілдер институты	200	167	9	158	11/VIII
С.М.Киров атындағы Қазақтың мемлекеттік университеті	300	266	98	24/144 (1941 жылы орта мектеп бітіргендер емтихансыз қабылданады)	11/III

студенттері Орал мұғалімдер институтына ауысқан. 16 студенттің арызы қабылданғаны туралы архив дерегі хатталған. Соғыс жағдайындағы Батыс Қазақстан және Гурьев облыстарында халыққа білім беру органдары жұмыстарын қайта құру жөніндегі баяндамада Гурьев мұғалімдер институтына студенттер келіп қабылданғаны атап көрсетіледі.

Өкінішке орай, 1941 жылдың 22 маусым күні Ұлы Отан соғысының басталуына байланысты Гурьев мұғалімдер институты Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесінің 1941 жылғы 9 тамыз №672 қаулысы негізінде Орал мұғалімдер институтына қосылды. Бұл деректік құжат Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві және Атырау облыстық мемлекеттік архиві қорларында сақталған. Институттың оқу ғимараттары, кітапханасы және мүліктері Гурьев педагогика училищесі балансына берілді. Аталған қаулыға Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесі төрағасының орынбасары П.Орехов пен Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесі Іс басқармасының меңгерушісі Н.Күзембаев қол қойған. Адамзат тарихындағы сұрапыл соғыстың басталуына байланысты 1940 жылы ашылған Гурьев мемлекеттік мұғалімдер институтының оқытушылары мен студенттері қан майданға аттанып, тылдағы ауыр жұмыстарды атқарып жеңіске өз үлестерін қосқаны тарих еншісіне айналды.

Аққали АХМЕТ,  
«Мәңгілік ел» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі,  
тарих ғылымдарының докторы, профессор

## ТАТУЛЫҚ МӘҢГІ ЖАСАСЫН!

**ЖАЛЯ МАМЕДЗАДЕ**

«Аударма ісі» мамандығының 3 курс студенті  
Менің аты жөнім – Жалыя Мамедзаде. Ұлтым – әзірбайжан. Баку қаласында дүниеге келдім. 2012 жылы 4 сыныпта Қазақстанға қоныс аудардым. Осы 11 жылдың ішінде мен Қазақстанның мәдениеті мен дәстүрлі туралы көп нәрсені біліп, үйрендім десем болады.

Менің ұлтым мен қазақтардың тілі ұқсас келеді. Сондықтан қазақ тілін меңгеру маған қиынға соқпады. Қазақ елінің жомарт, дархан халық екенін жоғары бағалаймын. Осы жерде білім ала жүріп, жанымға жақын жақсы достар таптым. Ұлт пен ұлысты бөлмей, бәріне бірдей қарап, құрметтейді. Бұл – қазақ үшін үлкен жауапкершілік деп білемін. Қазақ халқы қандай қиын жағдайда да өздерінің мүмкіндігіне қарамастан өзге ұлт өкілдерін құшақ жая қарсы алып, олардың ортаға тез сіңіп кетуіне жәрдемдеседі. Осыдан-ақ, олардың ең қонақжай халық екенін аңғарамын.

Мен үшін бұл күн – әрбір қазақстандық үшін Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімнің, азаматтық борыш пен жалпы ұлттық келісімнің мерекесі. Қазақ халқы көп ұлтты мемлекет болған соң бұл жерде мерекені ерекше атап өтеді. Өзім де мереке сайын концерттерге қатысып, өз ұлтымды таныстырып отырамын.



## ӨЗ ЕЛІМДІ СҮЙЕМІН



**АНТОНИНА РЕВКОВА**

«Психология» мамандығының 3 курс студенті

Мен 2003 жылы 2 мамырда Атырау облысы Қызылқоға ауданы Сағыз ауылында дүниеге келдім. Әкем – орыс, анам – қазақ. Кішкентай кезімнен бері қазақ тілінде оқып, қазақ тілінде сөйлеп келемін. Отбасымда қазақша сөйлеп, салт-дәстүрді қазақша ұстанады.

Жалпы үйде төрт ағайындымыз. Ағам Ринат – волейболшы, Венера, Александра деген әпкелерім сахнада өнер көрсетіп жүр. Мен – отбасының кенжесімін. Бізді ауылда көбісі «өнерлі отбасы» дейді. Мен де кішкентай кезімнен поэзияға жақынмын, монологтар оқығанды жақсы көремін. 7-8 сыныптан бастап түрлі сайыстарға қатысып, жүлделі орындар алып, Қазақстанның түрлі аймақтарында жүрдім. Соның бірі, 2018 жылы Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін оқу орындары оқушыларының арасында «Жарқын болашақ» VIII халықаралық КАТЕУ қазақ тілі олимпиадасының облыстық кезеңінен «сөз шеберлері» номинациясы бойынша жүлделі 1 орын алып, республикадан 3 орын иеленген болатынымын.

Қазір осы оқу орнында психология мамандығында 3 курс оқимын. Факультетімнің студенттік декан орынбасарымын және өзімнің «Мандарин» атты факультетішілік театрым бар. Бұл театрды университетке келген кезде ашу ойымда болған. Қазір ойым іске асып, үлкен командамен жұмыс жасап жатырмын. Университетіміз қолдап, өзге ұлттар арасындағы сайыстарға жіберіп тұрады. 2022жылдың 15 қазанында Ұлытау облысында Қоғамдық келісім және Қазақстан Халқы Ассамблеясының ұйымдастыруымен өткен «Бір ел» жобасына барып қатысып келдім. Қазақстанның түкпір-түкпірінен жиналған өзге ұлт өкілдерімен бірге экскурсия жасап, «Жайдарман» ойнап қайттық. Сондай-ақ, Атыраудағы Ассамблея жастарының қатарына ерікті ретінде қосылдым. Ол жердегі белсенді қатарына қосылып, қоғамдық жұмыстарға белсене араласып жүрмін.

Мен, негізі, жан-жақты дамығанды жақсы көремін. Мен үшін Қазақстан – ең мықты мемлекет!

## ЕШКІМ ДЕ,




Ұлы Отан соғысы кезінде елі үшін жанын пида еткен батырлардың бірі – менің атам Төлеу Сұлтанов. Төлеу Сұлтанов – Есбол ауданында 1908 жылы дүниеге келген. 1940 жылдың 20 қыркүйегінде әскерге шақырылып, Чкаловтағы полк мектебінде курсант болған. Соғыс басталған жылдары Ленинград, Воронеж, Курск, Германияны азат ету, тағы да басқа соғыстарға қатысқан. Майданда бірнеше рет жараланып, артынша елге оралған соң алған жарақатының себебінен Индер борат кенішіне қарасты қарулы болып қызмет еткен. Ұрыстағы «Ерлігі үшін», «Германияны 1941-1945 жылдардағы соғыста жеңгені үшін», одан бөлек Жеңістің мерекелік медальдарымен де талай рет марапатталған. Орда бұзар шағында қан ұрысқа аттанған Төлеу атам 63 жасында қаза тапты.

Соғыс жылдары аралығында атамның көрсеткен ерен еңбегі мен үшін үлкен мақтаныш. Қаһарман жауынгерлермен майдандас болып, ел мен жерді қорғау жолындағы борышын адал атқара білуі ертеңге өнеге деп білемін. Заманы тыныш, ашық аспан астында еркін өмір сүріп жүрген мына біз бақытты ұрпақпыз. Осы бейбітшіліктің шарайнасын тарту еткен атамды мақтан етуден жалықпаймын.

**Жанель АСАНОВА,**  
көптілді білім беру факультетінің студенті

\* \* \*



Ұлы Отан соғысы кезінде қан майданға аттанғандардың ішінде менің атам – Сисен Молбаев та бар. Сисен Молбайұлы Молбаев 1912 жылы 23 ақпан айында Кеңезек селолық округінде қарапайым колхозшы отбасында дүниеге келген.

Елде соғыс басталған жылдары шаруашылықта еңбек ету үшін броньмен елде қалдырылған. Алайда, 1941 жылы шілде айында партия қатарына өтіп, желтоқсан айында өз еркімен Отан қорғауға аттанады. 1941-1943 жылдары аралығында №101 атқыштар бригадасында атқыш болып жүрген кезінде қатты жарақат алып, жылға жуық әскери госпитальде емделеді. Алған жарақаты ауыр болғандықтан 1943 жылы екінші топтағы мүгедек атанып, 1944 жылы елге оралады. Елге қайтқан соң да елеулі қызметтер атқарып, 1955-1963 жылдары Қайыршақты селолық округінде депутат болған. Көп жылғы еңбегі ескеріліп, Ұлы Отан соғысы кезіндегі ерен ерліктері үшін медальдарымен, 1985 жылы жоғарғы Советтің шешімімен бірінші дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» орденімен марапатталған. Өзінің сапалы өмірінде еліне адал қызмет еткен Сисен атам Жұмасұлу әжем екеуі жеті ұл-қыз тәрбиелеп, бүгінде артында 19 немере, 40 шөберелері өсіп-өніп келеді.

Мен үшін «Жерге тер төгіп, халыққа қан төгіп қызмет етуден аянба» деп айтқан батыр Бауыржан Момышұлының сөзі қашан да үлгі. Сұрапыл соғыста қасық қаны қалғанша арпалысқан талай азаматтардың

## ЕДИНСТВО НАРОДА - ЗАЛОГ УСПЕХА КАЗАХСТАНА

**АНИТА ЛЯН**

Студентка 3 курса по специальности

«учет, аудит и анализ бизнес процессов»

Меня зовут Лян Анита. Мне 19 лет, я этническая кореянка, я представляю 4 поколение депортированных корейцев в Казахстан. Я родилась и проживаю в г. Атырау. Обучаюсь на данный момент на 3 курсе в Атырауском университете имени Х. Досмухамедова по специальности учет, аудит и анализ бизнес процессов. Также я член молодежного крыла корейского этнокультурного объединения «Тхониль».

День единства народов Казахстана – это сохранение исторической памяти, укрепление связи поколений и единства многонационального народа на прочной ценностной основе.

Мы никогда не забудем, как в тяжелые годы репрессий казахский народ протянул руку помощи и принял наших предков, на просторах Казахстана, как делились последним куском хлеба и кипятком и согрели в те суровые времена. Чувство благодарности и уважения Казахскому народу будет жить всегда в наших сердцах и передаваться из поколения в поколение!

Этот праздник призван стать выражением дружбы, милосердия и согласия между народами нашей многонациональной страны!



# ЕШТЕҢЕ ДЕ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

қатарында менің атамның да есімі аталатыны жүрекке жылы тиіп, кеудемде мақтаныш ойнайды. Осындай жанның ұрпағы болғаным үшін де бейбіт күннің қадірін ұғып, ардагерлеріміздің ерлігін ешқашан ұмытпаймын.

**Жандарбек СИСЕНОВ,**  
экономика және құқық факультетінің студенті

\* \* \*



Сұрапыл соғыс сол кездегі әр отбасының күйін кетіріп, жазықсыз жандардың жүрегіне жара салды. Ел мен жер үшін күреске аттанып, бейбітшіліктің ақ таңын аңсаған боздақтар ауылын тастап алысқа кеткенде артынан бала-шағасы қарайлап қала беріп еді. Соғыстың қаталдығын ерте сезген жас жеткіншектер де бұл майданда өздерінше бір шайқасты. Ел азаматтары алыста жүріп айқасқанда олар да тылда аянбай еңбек етті. Бүгінгі байтақ елімізде еркін өмір сүріп жүргенімізге тыл ардагерлерінің қосқан үлесі өте көп. Соның бірі менің ардақты атам – Тұрсынғали Жұбанұшев.

Ол – 1932 жылы 16 мамырда Бақсай совхозында дүниеге келген. 1941 жылы небәрі 9 жасында сол совхозда еңбекке ерте араласып, кішкентай болса да үлкендердің тірлігіне бел шеше кірісіп кеткен. Жалғыз анасы Жұбания екеуі соғысқа кеткен әкесін күтіп, тағдырдың тәлкегіне ерте ұшырапты. Бақсай совхозында Еділбай қойын өсіріп жан сауғалаған атам сол жерге ұзақ жылдар еңбек етеді. Өмірдің ащы-тұщысын ерте сезген атам 1966 жылы әжем Жұпармен шаңырақ көтеріп, қос перзент тәрбиелейді. Елге бейбітшілік орнап, егемендікке қол жеткізгенде Тұрсынғали ақсақалдың еңбегі ескеріліп тыл ардагері ретінде «Жеңістің 60, 65, 70 жыл толуына» орай медальдармен марапатталған. Сұрапыл соғыс ерте есейткен Тұрсынғали атам тағдырының соңында бала-шағаларының қызығын көріп, 86 жасқа қараған шағында өмірден өтті.

«Ер есімі – ел есінде». Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен тыл ардагерлерінің есімі, тарихтың парағына алтын әріптермен мәңгіге жазылып қалары анық. Жыл өткен сайын ардагерлеріміздің қатары сиреп, азайып бара жатыр. Көзі тірісінде құрмет көрсетіп, сыйлай білу – кейінгі ұрпақтың, біздің парызымыз.

**Жанерке ТҰРСЫНҒАЛИ,**  
инновациялық білім беру факультетінің студенті

\* \* \*



Мен 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының ардагерлері – атам Сағдиев Рақым мен әжем Ольга Кузьминична Ламбоцкая-Сағдиеваның өмірбаяны мен соғыстағы ерліктері туралы айтқым келеді.

Атам Рақым 1918 жылы 15 мамыр айында қазіргі Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданы Сулыкөл (қазіргі Қалдығайты округі) мекенінде дүниеге келген. Әкесі Сағди қарапайым шаруа, анасы Қазиза Батпақкөл (бұрынғы Киров совхозы болған, қазір Үшана ауылы) елді мекенінде сауыншы болып жұмыс жасады. Әкесінен ерте айырылады. Батпақкөл елді мекенінде 7 жылдық білім алып, 1935 жылы Орал зооветеринарлық техникумға түсіп, 1939 жылы ветеринарлық дәрігер мамандығын алып шығады. 1940 жылы 17 қазанда қатардағы жауынгер болып әскер қатарына алынады. 1942 жылы 9 қазанда сержант шенін алып, 1944 жылдың 1 қаңтарына дейін ветеринарлық фельдшер болып қызмет атқарады.

1941 жылы маусым айында Батыс майданда, 1941 жылы шілдеде ветеринарлық инструктор болып Калинин майданында, 1941 жылдың қыркүйегінен – 1943 жылдың қазан айына дейін, 1 Украин майданында 1943 – 1945 жылдың сәуіріне дейін ветеринарлық фельдшер қызметінде болды. 1944 жылы 1 қаңтарда майданда жүріп жараланып, Можайск қаласындағы госпитальде түседі. Можайск қаласында орналасқан госпитальдің басы ығы-жығы, жараланған жауынгерлерге лық толы болыпты. Ұрыс алаңында жарақаттанған қызыләскерлерді әкеліп жатқан «политорка» машиналарына тыным жоқ. Госпитальдың

ішінде жараланған жауынгерлердің шегі жоқ, бірі ауырсынып бірінші дәрігерлік көмек алып жатса, екіншілерінің жарақаттары тым ауыр шұғыл операция столына жатқызылып жатыр.

Атам госпитальда ем алған кезінде сұңғақ бойлы, аққұба, көздері мөлдіреген, әдемі медбикені көреді. Медбике қыз атамның жарақатын таңып, оны ерекше күтімге алады. Жаралы солдаттар көп болса да, медбикенің оған ыстық ықыласы бар екенін көріп, атам танысуға бел буады. Қасында жатқан солдаттардан атын сұрап білмекші болады. Жараланған жауынгерлер медбике қыздың аты Оля екенін айтады. Рақым атам жарақатынан сауыққан соң өзіне жәрдемдескен белорус қызы Оляға алғысын айтып, сезімін жеткізеді. 1945 жылы 13 сәуірде оған №168 алтыншы армия қатарында болғаны үшін аға лейтенант атағы беріледі.

Әжем Ольга Кузьминична Ламбоцкая – 1922 жылы 15 қарашада Белоруссия ССР-нің Витебск облысындағы Дубровский ауданында дүниеге келген. Әкесі Кузьма Ламбоцкий қарапайым шаруа болыпты. Ұлы Отан соғысы басталғанда медициналық арнаулы орта білімі бар Ольга әжем Можайскідегі әскери госпитальде медбике болып жұмыс жасаған. Әжемнен Ұлы Отан соғысы туралы сұрағанда көзіне жас алатын еді. Бір әңгімесінде әжем былай деген еді. «Сол бір қиын кездерді есіме алуға қатты қиналамын. Майданда жараланып, қиналып жатқан қызыл әскерлердің шегі жоқ. Сол кездегі дәрігерлердің алтын қолының арқасында кейбірі жарақатынан тез сауығып, кері майданға аттанып жатты. Хирургтер де тыным көрместен, ауыр жарақат алғандарға операция столынан кетпей операция жасайтын.

Бала болған соң қызық көріп әжемнен «Рақым атаммен қалай таныстыңыз?» деп сұрағанымда, «Бір күні госпитальге жараланған қазақ жігітін алып келген еді. Адамның көңілі қызық-қой. Кейде бейтаныс біреуді іштей ұнатып тұрсаң, екінші адамға зейінің аумайды екен. Госпитальге түскен қазақ жігіт қарапайым, сымбатты, бойы ұзын, жарақаты жанын қинаса да мыңқ етпестен шыдап жатыр. Медбике болған соң жараланған жауынгерге жақындап қызыләскерлік кітапшасын сұрап, журналға тіркедім. Жарақаты жазылғанша қасынан табылып медициналық қызметімді көрсеттім. Ол жігіт Қазақстанның батысынан екен. Кейін сауығып, өзінің ықыласын көрсетіп сезімін білдірген болатын. Сөйтіп сол таныстықтың арты махаббатқа ұласты» деді.

Соғыс аяқталған соң екі жас өмірлік бас қосуға шешім қабылдайды. 1945 жылы шілде айының 10 күні Можайск қалалық АХАЖ бөліміне некеге отырып, оларға №42 неке куәлігі беріледі.

Оңтүстік Орал Әскери округі №265 1946 жылдың 23 наурызында 43 бап бойынша аға лейтенант Сағдиев Рақым әскери қызметінен босатылды. Соғыстан туған еліне келіп атам мал маманы болып еңбекке араласып, әжем Батпақкөл ауылындағы медпунктте медбике болып қызмет атқарған. Әжем Қазақстанға келіп, қарапайым ауылдың тіршілігіне тез үйренісіп қетті. Атам мен әжем он баланы, дүниеге әкеліп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырды. Қазақтың ұлттық салт-дәстүріне жақсы үйренісіп, бабаты руына маңдай тері сіңген алтын құрсақты ана, сарықарын байбіше, көрші-көлем, ағайын-туыстарға сыйлы, ардақты, алтын ана, аяулы әже болды. 1966 жылы 29 қыркүйекте Ольга Кузьминична Ламбоцкая-Сағдиева «Батыр ана» медалімен марапатталды. 1995 жылы 26 сәуірде Сағдиев Рақымға Қазақстан Республикасы қорғаныс министрінің №26 бұйрығымен «капитан», 2000 жылы 21 наурызда № 9 бұйрығымен «майор» атағы берілді.

Атам 2005 жылы Ұлы Жеңістің 60 жылдық мерекесін тойлар алдында сәуірдің 3-і күні қайтыс болып, қазіргі Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданы, Үшағаш ауылындағы «Жапалақ» қорымында жерленді. Ал, әжем Ольга 2010 жылы 15 желтоқсанда дүниеден озды. Рақым атам майданда көрсеткен ерлігі және бейбіт өмірді қол жеткен табыстары үшін 1967 жылы 19 мамырда КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының атынан «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына жиырма жыл», «КСРО Қарулы Күштеріне 50 жыл», 1970 жылы «Лениннің туғанына 100 жыл. Ерен еңбегі үшін», 1971 жылы 8 сәуір «Ерен еңбегі үшін», 1976 жылы «Еңбек ардагері», 1985 жылы 11 наурызда «II дәрежелі Отан соғысы» орденімен, 1996 жылы 26 мамырда «Кеңес Одағының Маршалы Г.К.Жуков» медалімен, 2000 жылы 9 мамырда «Майдангер» төсбелгісімен марапатталып, 2000 жылы 8 мамырда Қаратөбе ауданының «Құрметті азаматы» атағы берілді.

Ал әжем Ольга Кузьминична он баланы дүниеге әкеліп тәрбиелегені үшін 1960 жылы 23 шілде КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының атынан «Ана даңқы» ордені III дәрежесімен, 1962 жылы 25 шілде «Ана даңқы» ордені II дәрежесімен марапатталып, 1966 жылы 29 қыркүйекте КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының жарлығымен «Батыр ана» атағына ие болып, «Алтын алқаны» иеленді.

Біз ұрпақтары, атам мен әжемнің рухына басымызды иіп, дұға етіп еске алу шараларын үнемі өткізіп келеміз. Жандарын жәннатта болғай, менің сүйікті атам мен әжем!

**Кристина Сағдиева,**  
**Х.Досмұхамедов атындағы**  
**Атырау университетінің**  
**тарих магистрі, музей қызметкері**

\* \* \*

Мой дедушка, Иманғалиев Куаныш, родился в 1924 году в Атырауской области, районе Индер. Ветеран Великой Отечественной войны.

До начала войны он окончил финансово-экономический техникум в Семее. 14 августа 1942 года дедушку

призывают на службу в Гурьевское военно-пехотное училище. После окончания его направляют в 44-ю армию, с которой началась военная стезя дедушки. Армия называлась «Южным фронтом».

Трудно представить, через сколько затруднительных и многосложных испытаний прошёл мой дедушка. Он участвовал в освобождении Москвы, Ростова-на-Дону, Новочеркаска, Мариуполя, Симферополя и других городов и местностей. Воевал на территории Сталинграда, стоял на обороне возле озера Мюсть, расположенного в Ростове-на-Дону.



Дедушка был капитаном, управлял ротой. Однажды он и его рота столкнулись с неожиданной встречей. Когда они перешли Днепр, на правом берегу напал немецкий взвод. Быстро сообразив, дедушка приказал роте стрелять по его команде, когда немцы подойдут поближе. В этой доблестной схватке дедушка ранили, пуля попала на правую ногу. Его отправляют на лечение в Донбасский госпиталь на 5 месяцев. За мужество в битве с немецко-фашистскими захватчиками дедушку наградили орденом Александра Невского «Красная знамя».

Нельзя не упомянуть об этом удивительном случае. Во время лечения за дедушкой ухаживала молодая медсестра. Её звали Александрой. По национальности украинка. Красивая девушка с милыми чертами. Между ними вспыхнул огонь любви. Дедушка предлагал Александре вместе с ним опраться в Казахстан, однако родные удержали её, говоря: «Зачем тебе в Казахстан? Там одна степь и ничего».

От дедушки у бабушки Александры родился сын Вячеслав. Она хранила свою любовь до конца жизни, не вышла замуж. Самая трогательная вещь – она под подушкой хранила фотографию дедушки и спала с ней. От такого маленького, но сердечного действия и проявляется любовь и забота.

\*\*\*

После выздоровления он снова отправился на войну. Воевал в городе Львов, возле Стри и гор Карпаты. После Львова – освобождение Лукована, Ужгорода. Потом его с ротой призвали на освобождение Кракова, откуда они вошли в один город Польши. После этого перешли одно озеро в Германии и участвовали в получении Праги. Они встретились с армией США и вместе с ними отправились в Берлин. Дедушка присутствовал в получении Рейхстага, и некоторые солдаты из его роты участвовали в водружении флага.

После войны дедушка с ротой сражались с бандероцами. За бесценные труды его наградили свыше 25 медалями и орденами. Он вернулся целым и невредимым, однако с неизлечимыми моральными ранами...

Этот рассказ взят из краткой автобиографии моего дедушки. Он говорил, папа писал всё, что вылетало из уст дедушки. Каждый раз, осозная те бумаги, являющиеся важным сокровищем моей семьи, в глубине души возвышается некое чувство преклонения, вызывая мурашки по телу.

Великая Отечественная война принесла каждой семье различные события, протекающие спектр чувств, эмоций и переживаний. Вместе сложившись воедино, они составляют историю ВОВ. Как же важно и бесценно слушать или читать такие истории, ведь так мы сохраняем память о наших бабушках и дедушках, передаём духовное сокровище от поколения к поколению.

**Нурикалал КЫЛЫШБЕК,**  
РКШ – 201

# ХАЛЕЛ ЖАЙЛЫ ШЫҒАРМАЛАР ЖАЗЫП, СЕРИАЛ ТҮСІРУ КЕРЕК



**Биыл – тарихи заңғар тұлға Халел Досмұхамедовтың туғанына 140 жыл. Соған орай университетте өткен «Халел Досмұхамедов мұрасы және қазіргі қазіргі қазақ қоғамы» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясына келген Қазақстан зиялыларының мұрасын зерттейтін «АРЫС» қорының президенті, филология ғылымдарының докторы, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Құрметті профессоры Ғарифолла ӘНЕСПЕН сұхбатты «Универ-сұхбат» хабарына жариялаған болатынбыз. Көрерменге ұсынылған нұсқаны газет оқырманына да лайықтап, ұсынып отырмыз.**

–Сіз Алаш қайраткерінің, соның ішінде, Халел Досмұхамедовтың артына қалдырған мол мұрасын көп зерттедіңіз, ұзақ жылдардан бері зерттеп келесіз, бұл тақырыпты тауыстым деп айта аласыз ба әлде ол мүмкін емес пе?

–Жалпы, білім-ғылым дегеннің өзі шетсіз, шексіз нәрсе ғой. 1988 жылғы 28 желтоқсанда Алаш арыстарын ақтау жөніндегі қаулы шыққаннан кейін біздің алдымыздан тың арал, бөлек әлем ашылғандай болды. Ол кезде мен Мәскеуде аспирантурада оқитынмын. Сондағы Ленин атындағы кітапханада бізде тығулы тұратын Ахмет Байтұрсыновтың «Тіл құралы», «Әліппесі», Шәкерімнің бірлі-жарын шығармалары, Халелдің «Жануартануы» сияқты дүниелердің ашық тұратынын көрдім. Университетте араб тілін оқығанымның арқасында оларды оқи алатындығым менің артықшылығым болды. Себебі, алаш арыстарын ақтау бойынша мамыр айында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің арнайы құрылып жұмыс істеген кезде араб харпімен оқып, жаза алатын немесе үйреніп жүрген оншақты адам ғана болды. Комиссияны белгілі қоғам қайраткері, академик Жабайхан Әбділдин басқарды. Бұл жұмысқа сол кездегі Орталық комитеттің идеология жөніндегі хатшысы Өзбекәлі Жәнібековтің де көп еңбегі сіңді.

Сөйтіп, қыруар қауырт жұмыстар басталып кетті. Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытовтардың еңбектерін мәшеңкеге бастырып, дайындадық. Мен тіл білімі институтында жұмыс істей жүріп, репрессия құрбаны болған тіл ғалымы Құдайберген Жұбановтың 90 жылдық мерейтойына Ақтөбеге, ондағы Жем, Ембі өңірлеріне іссапармен барып та келдім. Ол кісі 1956 жылы ақталғанмен, кітабы бір-ақ рет бастырылған екен. Ғалымның Есет, Асқар деген балалары да елге белгілі, үлкен ғалымдар, біз Есет Құдайбергенұлымен бірге кітап дайындадық.

Сонымен бірге, Аманқос Мектептегі деген белгілі ғалым, курстас досым екеуміз Ахмет Байтұрсыновтың мұрасымен айналысып, «Ақ жол», «Тіл тағылымы» деген кітаптарын шығардық. Алаш қайраткерлері біртіндеп жарыққа шыға бастады. Бірақ, Халел Досмұхамедовтың көлеңкеде қала бергені алаңдатты. Меніңше, оның себебі, алғашқы кезекте ақталған арыстардың қоғамдық қызметтеріне назар аударылып, Халелге дәрігер деп қарағандықтан оны кейінгі ысыра берген сияқты. Ал менің қолымда Мәскеуден әкелген «Мұрат ақынның сөздері», «Исатай-Махамбет» дастаны, «Аламан» жинағы болды. Содан жігіттерді үгіттеп, Шәмшиден Керімов деген ғалымға «Сен әдебиетшісің, фолькористсің, Халелдің «Аламанын», Ығылман Шөрековті, Мұрат ақынды шығарайық» дедім, сөйтіп, 1991 жылы Аманқос мектептегі үшеуміз «Аламан» кітабын шығардық, 1998 жылы 1 томдық таңдамалысы шықты. Бастапқыда уақыт тығыз болып, «Жануарлар», «Табиғаттану», «Тән тірлігінің» әрқайсысынан он беттен ғана аудардық. Кейін «Ана тілі» газетінде жұмыс жасадым, одан «Арыс» қоры құрылды. Кейін архивтегі Халел жазбаларын қарағанда 90 жылдары қарап кеткенімнен кейін

қозғалмай, кей еңбектері желімі де сөгілмей тұратын. Бұл оларды ешкімнің алып оқымағанын көрсетеді. Екінші жағынан, құнды дүниелердің араб харпімен жазылғаны да мәселе туғызатын.

2017 жылы Халел Досмұхамедовтың үш кітабы шықты, 2019 жылы «Тәнтану» қайта басылып шықты. Қазір ғалым еңбектерінің 4 томы дайын, оған «Сана» журналына жазғандарынан еніп отыр. Әрі қарай архив құжаттарынан да дайындағымыз келеді, оның қанша том болатыны белгісіз. Қазір бұл мақсатта мемлекеттік комиссия жұмыс жасап жатыр, мен оның мүшесімін.

–Сіз «Халел Досмұхамедов мұрасы және қазіргі қазақ қоғамы» конференциясында құпия құжаттардың ашылып жатқанын және Халелдің қазақ даласындағы 1921 жылғы аштық туралы жазған «Ашаршылық» атты әңгімесі табылғанын, өзіңіздің «Халел сол аштық туралы жазбауы мүмкін емес еді ғой» деген көптен мазалап жүрген ойыңыздың ақталғанын айттыңыз. Бұл әлі де көптеген құжаттар мен деректер ашыла береді деген сөз ғой?

–Иә, архив құжаттарының күн санап ондап, жүздеп құпиясыздандырылып жатқаны рас. Біз оларды шетінен жариялап отырмақпыз. Бір айта кетерлігі, ҰҚК-дан бөлек, ішкі істер, бас прокуратура, басқа да кез-келген министрлікте, мекемеде, әрқайсысында құпия қор болған екен. Архив заңы бойынша 50 жылдан, әлемдік қауымдастық заңы бойынша бойынша 70 жылдан кейін құпия деректер ашылуы керек. Әлемдік партиясын құрған, «Күнбатыс Алаш Ордада» белсенді жұмыс істеген қайраткерлерге кейін Ленин, Сталин амнистия жариялап, қызметке тартады ғой. Дегенмен, Қазақстанда тұруға мүмкіндік болмағандан кейін олар Ташкентке жиналады. 1920 жылы 20 тамызда Қырғыз (Қазақ) Автономиялы Кеңестік Социалистік республикасы құрылып, 1920-1924 жылдары тұңғыш астана Орынбор қаласы болады. Ол 1925 жылға дейін қырғыз автономиясы деп аталды. Сол кезде Ташкентте түрік, қырғыз, қарақалпақ, басқа да ұлттардың басын қосқан Түркістан автономиясы да құрылғаны мәлім. Мынау Жетісу, Сырдария жері, Қызылордадан әрі қарай соған қараған еді. Қазақтың маңдайға біткен небір мықтылары Орынборға келе алмай, Ташкентте жұмыс істеуге мәжбүр болды. Міне, Халекеннің өнімді жұмыс істеген кезі сол тұс еді. Ташкентте қазіргі Абай атындағы Қазақ Ұлттық университетінің негізі қаланды, Халел Досмұхамедов сонда оқытушы болып, оқулық жазумен айналысты. Оқулықтың аса тапшылығы ақындығымен,

жазушылығымен, қайраткерлігімен танытқан басқа да арыстарды осы іспен айналысуға мәжбүрлеген еді. Сұлтанбек Қожанов пен Міржақов Дулатов математика, Мағжан Жұмабаев педагогика, Жүсіпбек Аймауытов психология, Елдес Омаров физика кітаптарын жазды, оның бәрі Халелдің тапсырмасымен жазылған-ды. 1922 жылы Қазақстанда аштық болғанда Ташкент те гиперинфляцияға ұрынған. Сол кезде Халелдің «Есеп (отчет)» жазып отырғанда сиям қатып қала берді, үрлеп, қолыммен қыздырып жазып отырмын, бір жылдан бері жалақы жоқ» деп жазатыны бар.

Жақында Халел Досмұхамедовтың 1921 жылғы ашаршылық туралы жазғанымен қатар, Кенесары туралы зерттеуін де таптым. «Ақжол» деген газеттің қасынан «Сәуле» деген қосымшасы шығып тұрған екен, соның 5-6 саны сақталған екен, содан таптық. Өкінішке қарай, ол кездегілер жазған-сызғандарын тегіс өз атынан жарияламаған ғой. Абайдың өзі санаулы өлеңі болмаса қалғанын Көлбайдың атынан шығарған емес пе?! Сол сияқты, Халекен де бірнеше псевдоним қолданған, редакция мақаласы есебінде шыққан.

Кезінде Халел сынды пассионар, ағартушы, феномен тұлға зерттелмей жатқасын мұрасымен айналысып үлкен кенге кенелдім. Енді он жылдан кейін келетін оның 150 жылдығын ЮНЕСКО көлемінде тойлау керек деп ойлаймын. Биыл Темірбек Жүргенов, Бекен Римова, Мұзафар Әлімбаевтардың 100 жылдық мерейтойларын «Түрксой» ұйымы арқылы өткізбекпіз. Халелдің де 145 жылдығын қазірден бастап қамданып, «Түрксой» аясында тойлауға болар еді.

–Халел Досмұхамедов пассионер тұлға дегеніңізді таратып айта кетсеңіз?

–Пассионар дегеніміз көпті соңынан ерте білген, жан-жақты, әлемдік тұлға. Халел энциклопедист адам, Түркі әлемінің тұлғасы болған. Менің пайымдауымша, оған бұл кісінің Санкт-Петербург қаласындағы Императорлық әскери-медициналық академияны үздік бітіруі де сеп болса керек. Қазақ императорлық оқу орнын бітірген екі-ақ адам бар, біріншісі – осы Халел, екіншісі – Императорлық жол қатынасы институтын бітірген Мұхамеджан Тынышбаев. Мен императорлық оқудың айырмашылығы неде екеніне қызығушылық білдіріп сұрастырғам, ол шамамен біздің пәндерді еркін таңдап, қатысатын қазіргі жүйеге келеді екен. Ол кезде Петербор – Ресейдің астанасы, Халел академик Павловтың шәкірті болған, оның сыртында Радлов, Бехтеров, Бартелев деген мүйізі қарағайдай ғалымдардың дәрістеріне қатысып жүрген. Түсініктірек айтсақ, Алматыға тау-кен институтына түскенмен КазГУ-дегі Мұхтар Әуезовтің лекцияларына қатысып жүріп, сонда оқуға ауысып кететін Зейнолла Қабдолов сияқты болған ғой.

Сосын Халел Досмұхамедовтың ерекшелігі – ол қоғамдық ғылымдарға да, жаратылыстану ғылымдарына да бірдей болды. Мәселен, тілден «Қазақ-қырғыз әдебиетіндегі сингармонизм заңын» жазып, қазақ ауыз әдебиетін жіктеді. Халелдің қазақ ауыз әдебиетін топтастыру жайлы 1927 жылы жазғаны 1985 жылдары барып, біздің теорияға келді. Бұрын әдебиетте лироэпостық жырға, батырлар жырына жатқызылып келген балгерлік, түшкіру, жың шақыру, жылан шақыру, бәдік айтыс, бұлардың бәрін ол фольклорға жатқызған. Оның тек қана «Кіші жүздің екі жүз жылдық тарихы қанмен жазылған» деп жазған жолдарын эпиграф етіп пайдалансаң қандай?! Ал енді «Как бороться с чумой среди населения казахского края» (1918, 1924 гг.) деген кітабы күні кешеге дейін осы аурумен күресте Одақ бойынша пайдаланатын туындының қатарында болған.

Оның дәрігердің қырын көп талдап айта алмауым мүмкін. Алайда, ол проректор, профессор қызметінде жүріп, ауруханаға түнгі кезекшілікке барып, санитардың жұмысын қасаған екен. Мұнысы мамандығын жақсы көргені, медицинамен тұрақты айналыспаса қолының қатып кететінінен қашқаны болар деймін. Мысалы, мен де араб тілін көп оқымай, жазбай кетсем қолымның шығып кететіні бар.

... Мен бір жолы жергілікті әкімдіктен Атырауға Халелдің зәулім ескеркіш салуды сұрадым. Олар «университеттің алдында тұр ғой, не қажеті бар» дегендей жауап берді. Мен сол кезде ренжіп, «Сендер, осы отырған бәрің Халелге қарызсыңдар» дегенмін. «Неге?» деп таңғалысты. Түсіндірейін. Х.Досмұхамедов әскери оқуды бітіргесін 25 жыл әскери қызметте болуы керек еді. Бірақ, оны патша екі жарым жылдан кейін медаль беріп босатқан. Себебі, оба ошағында жасаған бір күн 13 күнге есептеледі екен, Халел 1912-1915 жылдары сол аурудың эпицентрінде 25 жылын өтеп шыққан. Осы обадан Еуропа халқының өзі 50-60 пайызға дейін шыбындай қырылып отырған. Сол кезде Халел басын алып қашпай, бармай қойған болса, қаншама қазақтың ата-бабасы арман қалар ма еді, бүгінгі күнге жетер ма еді? Ол бейбіт күнде де, «Халел ставкасында», түрмеде адамдарды емдеумен болған. Халел «Қазақ» газетіне мақалалары шығып тұрған



кезде әлі студент, сонда халыққа «Мына аурудан мынадай дәрі бар, сендер алыпсатарға бір қой беріп, құйттай дәрі аласыңдар, одан да мынаны алыңдар, осы көмектеседі» деп ағартушылық ақыл-кеңестер беріп отырады.

Екіншіден, Халелдің саяси қайраткер ретіндегі тұлғасы, соның ішінде, мына Жымпитыдағы «Күнбатыс алаш ордасындағы» қызметі, көп ашылмай жатыр. Қазіргі күні мемлекет басшысының жарлығымен он том Алаш құжаты дайындалып жатыр. Өздеріңіз білесіздер, тарихта Семей алашордасы, Торғай, Жетісу алашордасы болған. Жетісу алашордасын соңғы бес жылда қостық, ол Алматы округі болған, сол кездегі Сергиополь қаласы, қазіргі Аякөзден бастап, бүкіл Бішкек, Қарақөлге дейінгі қырғыздар да қараған. Сол сияқты, алаш партиясының қырғыз филиалы деген концепциясы да бітуге жақын. Торғай алашордасы екі күн, Семей алашордасы бір ай жұмыс істеген, ал Күнбатыс алашордасы екі жыл үш ай бойына жұмыс істеп тұрған және өз алдына қару-жарағы, әскері, банкі болған. Бұл бұрын қауіп төндірген, тиым салынған тақырып болды, бірақ, қазір зерттеуге болады ғой, өкінішке қарай, олай болмай жатыр.

**– Сіз бүгін Халел Халел Досмұхамедовтың еңбектері түрік тіліне аударылып жатқанын және Алматыда музей үйі ашылғанын айттыңыз.**

– Иә, оның 3 томдығы қазіргі күні түрік тіліне аударылып жатыр. Алайда, оқулықтарын түрік ағайындар пайдалана ма, жоқ па – білмеймін, өйткені, өзінің «мен оқулық жазғанда түріктің, татардың оқулықтарын пайдаландым» деп жазатыны бар. Оның тағы бір қыры – көп тілді меңгергенінде. Дәрігер болғасын латынша білген, одан бөлек, қызы Қарашаштың айтуынша, үй ішінде олар өзара немісше сөйлескен екен.

Халекен Ташкентте жүргенде қазіргі Абай атындағы университет ашылды дедім ғой, кейін ол Алматыға көшірілді. Сол кезде де Халел оқу орнының бүкіл есеп-қисабын түгендеп, сағаттарды бөліп, көп жұмыс жасаған. Бірақ, Алашордада болғаны биліктің есіне түсіп, ректорлыққа Мәскеуден Санжар Асфендияровты алдырады (Х.Досмұхамедов проректор болады, авт.). Сол қызметте Асфендияров екеуі бір үйдің екі жағында тұрған ғой. Ғимарат ескерткіш ретінде бұзылмайды. Ондағы тақтада тек Асфендияровтың үйі деп тұр екен, кейін түрік елшілігі болды, қоршаулы тұратын, 7–8 жылдан бері бос. Соны, бұйырса, қолға алып, музей жасағалы отырмыз. Бұдан бөлек, Алматыда Ахмет Байтұрсыновтың музейін жасадым, енді Халелдің музейін ашсақ, одан кейін республикалық музей жасамақпыз.

Тағы ойда жүрген жай, алда келе жатқан ашаршылық және қуғын-сүргін құрбандарын еске алуға арналған 31 мамыр күні алаш қайраткерлеріне арнап үлкен көшелер әпергіміз келеді. Жанындағы шағын қалалар Алматыға қосылып кеткен кезде кейбір көшелер қайталанып кеткен екен, мысалы, Розыбакиев көшесі екеу болып кетіпті. Осындай қосарланған көшелерге алаш қайраткерлерінің есімдерін беру керек. Жалғыз Алматы емес, Атыраудан бастап, басқа қалаларда да солай болуы, Халел ұлығылануы тиіс. Өткенде Қызылқоға ауданы Миялы селосына барып, Халел Досмұхамедовке қойылатын ескерткіштің макетін көрдім, ұнады, соны орнатамыз деп ниеттенгесін орнату керек енді.

Сондай-ақ, Ахмет, Міржақып, басқа да тұлғалар жайлы ұсынылып жатыр ғой, сол сияқты, Халел жайлы

да телесериалдар түсіріп, пьеса, романдар жазылуы керек. Осының барлығын айтсақ, ақша жоқ дегенді естиміз. Отыз жылдан бері естіп келе жатқанымыз – осы сөз. Бұлай етуге болмайды, заманы, уақыты келіп тұрғанда қолдан келгенді жасау керек. Өткенде айттым «Енді отыз жылдан кейін біз болмаймыз, сендер әлі осы сөздерді айтып отырасыңдар» деп. Елде аштық, соғыс болып жатқан кезде де адамдар жазған, оқыған, сол кездегі кітаптардың таралымы қазіргіден 100 есеге көп, сондықтан, тек «жасаймын» деп жанып тұрған құлық керек.

**– Қазіргі күні кей тарихшылар тарапынан Ахмет Байтұрсынов, Халел Досмұхамедов, Міржақып Дулатов сияқты ірі тұлғаларды кеңес билігі бірден атып тастамай, «кейін керегі болып қалар» деген оймен ұстап отырған деген пікірлер айтылыпты, сіз онымен келісесіз бе?**

– Жоқ. Халел Досмұхамедовты отбасына 1939 жылы түрмеде туберкулезден өлді деп хабарлайды. Меніңше, оны да сол 1937 жылдары атып тастаған болуы мүмкін. Бауыржан Момышұлының бертініректе Мағжанды көрдім дегені айтылып жүрді. Сәкенді де тірі екен, көрдік дегендер болды. Меніңше, оның бәрі асыл ерлерін өлімге қимаған халықтың қиялынан туған мифке көбірек келетін сияқты.

1937 жылы Қазақстанға Мәскеуден 30 адам келген, олар үш үште онға бөлінген, Қазақстан бойынша үштік құрады. Сөйтіп, күніне 80–90 шақты адамды атып отырған. Түрмедегі адамдар ұрып-соғудан әбден әлсіреп, жүре алмайтын халге жетеді. Зұлмат жылдары оқу-ағарту министрі болған Біржан Манкин сол түрмеде жатып, асылып өледі. Сонда қамалғандармен көп тілдеспей, 10–15 минуттан артық ұстамай, папка сыртына «расход» деп жазып, атып отырған екен. Әйтсе де маған олардың бәрін неге қырды деген сұрақ маза бермейді. 1937–1938 жылдардағы «үлкен террор» кезінде фашизм басын көтеріп, Германия күшейіп келе жатқан, мұндай адамдарды сақтау керек еді ғой. Қайткенде де, бұл бір эпидемия, тажал болған сияқты.

Жаңа архив құжаттары ашылмай жатыр дедім ғой, мына Ресейдің тарихшы зерттеушілерінің еңбектерінде репрессияға ұшырағандардың қолтаңбасын көрсетеді. Бір бетте жазаланған адамның жиырмаға шақты қол қойған құжаты болады. Бастапқыда оның жазуы маржандай, айталық, «Мен жапон тыңшысы екенімді мойындамаймын, Кеңестер Одағына адал қызмет еттім» деген сияқты анық жазады, біртіндеп жазуы сұйыла бастайды, ең соңында қол қойғанда орнында бір сызық қана тұрғанын көресіз. Біз де бір күндері Халелдің осындай түрмедегі қолтаңбалары қалған құжаттарын алып қараймыз деп ойлаймын.

Репрессия зардабы үлкен болды. Біздің ең үлкен трагедиямыз – бес мың жылдық тарихымызды бір күн, бір айда өзгертіп, кенеттен отырықшы болғанымыз еді. Көшелерге киіз үйлер тігіліп, аяқ астынан Ленин, Сталин, Дзержинский, тағы басқалардың атындағы көшелер құрылды. Малды жинап алды. Бүкіл руханият, мәдениет, тіл-діліміз шашылып қалды. Әуезовті оқысаңыз, қазақтың кәдімгі шұрайлы тілін көресіз, ондағы тіл қазіргідей калықа емес.

Елдегі бас көтерер, қаймақтарды қырып тастағанының зардабын айтайын, Ишанбай Қарақұлов деген 5 курстың студентін денсаулық сақтау министрі қылып тағайындаған ғой, себебі, оқыған-тоқыған адам да қалмаған. Л.И.Мирзоян Қазақстанды басқаруға кел-

генде шошып кетеді, өйткені, елде көзі ашық, жанына жинап, сенім артатын адам да жоқ еді. Темірбек Жүргеновті нарком, немесе қазіргіше министр қылып Ташкенттен алдырғанда Өзбекстанның Ходжаев, Икрамов деген басшылары «Біз оған барлық жағдайды жасап, сұраған қаражатын бөлгізіп отырмыз ғой» деп жібергілері келмей ренжіпті.

Темірбек Жүргенов 1934–1937 жылдары мәдениет министрі болғанда үлкен шаруалар атқарды, қазіргі Әл-Фараби атындағы университетті, Құрманғазы атындағы оркестрді, опера және балет театрын құрды. Мәскеуге барып Қазақстанның онкүндігін өткізу үшін еш жерде оқымаған, ел арасында жүрген Шара, Күләш, Қанабаек, Құрманбек, Серке сынды тума таланттарды жинап алды. Сол шараға өнер адамдары екі-үш ай бойы дайындалып, Алматыдан Мәскеуге жеті күн жүріп баратын пойызға екі бос вагон қостырып, жол бойы тағы дайындалып барған. Сол сапарға қазақтың домбырасын арнайы жасатқан. Мен мұны неге айтып отырмын? Бұл онкүндіктің тарихи маңыздылығы сол – Қазақстан автономиялық емес, өз алдына дербес республика атанды. Өйткені, 1924–1925 жылдары Өзбекстан КСР-і, Түрікменстан КСР-і құрылды. Өз алдына дербес республика болуға саны жетпеген, әлеуметі болмаған Қазақстан әлі де Одақ құрамындағы автономиялық республиканың бірі болатын. Мәскеу, бәлкім, қазақтардың алдында ұялды ма, әйтеуір, қазақ әдебиеті мен өнерінің алғашқы онкүндігі дүркіреп өткен 1936 жылы біз КСРО құрамындағы одақтас республиканың бірі атандық. Енді мынаны қараңыз, кейін Кеңестер одағы тарағанда оның құрамында болған автономиялардың бір де бірі тәуелсіздік алған жоқ!

**– Сіз репрессия құрбандарын ақтау мәселесінен бөлек, ашаршылық ақиқатын да көтеріп жүрсіз, оның шындығы қашан ашылуы мүмкін?**

– Біздің архивтерімізде репрессияға қатысты мәліметтер бар, ол он жыл бола ма, жиырма жыл бола ма – түбі ашылады. Ең қиыны – ашаршылық шындығы, оған қатысты көп мәлімет жоқ. Сол кезде Голощекинге күнде қанша адам қырылғаны жөнінде ақпараттар беріп отырған деседі. Бірақ, ашаршылықта көз жұмғандардың деректерін анықтау үлкен мәселе болып тұр. Әсіресе, өлген балалардың санын анықтау қиын. Елді аштық жайлағанда ең алдымен зауалдың зардабы әлсіз топ ретінде балаларға тиген ғой. Украинада «голодомар» кезінде жапа шеккен, жойылып кеткен ауылдардың тұсында тақтайшаға елді мекеннің атауы мен қанша адамның өлгені жазылып қояды екен. Ал біздің шежірелерге қарасаң, ешкімнің де аштан өлгені жазылмаған. Мысалы, Қытай шекарасында Мұқағали туып-өскен ауылға жақын маңайда Көрсай деген жер бар. Ол жерде нәубет кезінде қырылған адам мен мал сүйегі әлі шашылып жатыр. Қазақстан Қытайға өтеміз дегенде бергі жақтан кеңестер, арғы жақтан қытайлар әскері екі жақтап жусатып салған ғой. Енді Қытайда албанның қызай деген руының 40 том шежіресі шыққан екен, ішінде бір де бір адамның аштан өлген дерегі жоқ. Мұны ашық айтсақ, тарихтың ақтақандары ашыла түсер еді!

**– Мазмұнды әңгімеңізге бек рахмет! Сізді Халел атамыздың, басқа да жазықсыз жапа шеккен арыстарымыздың әруақтары қолдап-қорғап жүргей!**

– Бәрімізді де қолдап жүрсін! Әумин!



## «ATYRAU SMARTTEAM HACKATHON» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ХАКАТОНЫ ӨТТІ



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде Қазақстанның жоғары оқу орындарында білім алушыларының арасында «Atyrau SmartTeam Hackathon» республикалық хакатонның өткізді. Онда студенттерге университет өмірінің түрлі аспектілерімен байланысты және онлайн кітапхана, студенттерді оффлайн тестілеуге арналған веб-сервис, студенттер мен оқытушылардың мәліметтері бар веб-сервис, талапкерлерге арналған кәсіптік бағдар беру мобильді қосымшасы және ЖОО студенттеріне арналған рекрутингтік сервис жасау кіретін бес тапсырма берілді.

–Сайысқа қатысқан әрбір команда өзінше қорғады. Біздің «фишкамыз», біздің команданың балалары сол бес тапсырманың бәрін біріктіріп, бір үлкен жоба етіп алып шықты. Сондықтан да өте қуаныштымын. Осы университеттің әкімшілігіне алғысымды білдіремін, – дейді «YASSAWI» командасының жетекшісі Гүлнұр Қазбекова.

–Бүгінгі берілген жарыстағы тапсырмаларды біз жақсылап меңгеріп шықтық. Өйткені оны оқығанбыз біз. Соның арқасында осындай жүлде алдық. Алдағы уақытта осындай көп жарыстарға қатысымыз келеді, – дейді қатысушылардың бірі, жеңімпаз команда мүшесі Аслан Елеусіз.

Барлығы 15 команда бақ сынаған жарыстың басты мақсаты – елдегі IT саласының

дамуына үлес қосып, талантты жастарды қолдау. Университет ұжымындағылардың ойынша мұндай білім бәйгелері салаға үлкен серпіліс береді. Биік шыңды бағындыру жолындағы студенттер үшін де мүмкіндік мол. Айта кетейік, қазіргі күні IT саласын дамыту мен цифрландыру барлық жоғары оқу орындарының – басты назарында. Сол себепті, осы бағыттар бойынша топ жарып шыққан талантты студенттерді анықталып, олардың өңірге, елге пайдасы мол жобаларын іске асыру жолдары қарастырылады.

Республикалық хакатонның қорытындысында бірінші орын мен 20000 теңге көлеміндегі жүлдені студенттерді оффлайн тестілеуге арналған веб-сервис жасаған Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің «YASSAWI» командасы, екінші орын мен 15000 теңге көлеміндегі жүлдені ЖОО-ларға арналған онлайн кітапхана жасаған М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің «iPunk» командасы алды. Үшінші орын мен 10000 теңге көлеміндегі жүлде Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің «inSight» және Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің «Dream Team» командаларына бұйырды. Қатысушылардың барлығына ынталандыру сыйлықтары мен сертификаттар табысталды.



## СТУДЕНТТЕР АРАСЫНДА БАСКЕТБОЛДАН ЖАРЫС ӨТТІ



Көрнекті ғалым, қоғам және мемлекет қайраткері Халел Досмұхамедовтың 140 жылдығына орай студенттер арасында баскетболдан жарыс өткізілді. Бақ сынасуға елдің өзге өңірлерінен ерлер мен қыздар командасы арнайы келді. Тартысты додада ерлер арасынан Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің командасы бас жүлдені алып, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті мен Қазақ спорт

және туризм академиясы үздік үштікке кірді. Ал қыздар арасынан жүлделі орынды Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті тобы қанжығалады. Жеңімпаздарға оқу орнының атынан арнайы дипломдар мен кубоктар табысталды.

–Студенттік спорт лигасы бағдарламасы бойынша баскетболдан финалдық жарыстар өткізілуде. Бұл жарысқа еліміздің 6 қыздар командасы мен 5 ерлер командасы келді. Атап айтатын болсақ, Алматыдан Абай атындағы Ұлттық университет, Аспендияров атындағы Ұлттық медицина университеті, Қазақ ұлттық Әл-Фараби атындағы университет және Павлодар қаласынан Торайғыров атындағы университет келді, – дейді Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің кафедра меңгерушісі Алпысбай Аралбаев.

Біздің университетімізден шыққан жеңімпаз команданың мүшесі Әділхан Генадиевтің айтуынша, ойын тартысты да әділ өткен. Сондай-ақ, жарыстың ұйымдастырылуы да қатысушылар көңілінен шықты.



## СПОРТШЫЛАР ЖАРАДЫ!

Сәуір айы университетте білім алып жатқан болашақ спортшылар үшін сәтті ай болды. Атап айтқанда, Біріккен Араб Әмірлігі елі Дубай қаласында өткен армрестлингтан Азия чемпионатында дене тәрбиесі мамандығы 101/2 топ студенттері Бекзат Рахымжанов (65+) салмақ дәрежесінде сол қолмен күресте 1 орын, оң қолмен күресте 3 орын, Нұрым Аманов (90+) салмақ дәрежесінде оң және сол қолдар бойынша 1 орын иеленіп, Азия Чемпиондары атанды.

Аударма және аударматану мамандығының 1курс студенті Әмірше Ғибрат 22-23 сәуір аралығында Париж (Франция) қаласында өткен «Grand Paris» турнирінде джиу-джитсудан Fighting бөлімі бойынша күміс жүлдегер атанды.

Сондай-ақ, Орал қаласындағы футболдан ерлер командалары арасында өткен республикалық студенттік спорттық лигасының финалдық ойындарында университетіміздің құрама командасы Семей қаласындағы Әлихан Бөкейхан университеті командасын 5:1 есебімен ұтып, чемпион атанды.



Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті